Источник: Информационная система "ПАРАГРАФ"

Документ: «Зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру және зейнетақы активтерін бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 26 мамырдағы № 28 Қаулысы (2026.16.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

Зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру және зейнетақы активтерін бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру қағидалары мен мерзімдері Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 26 мамырдағы № 28 Қаулысы

(2026.16.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 15-бабының 9) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру және зейнетақы активтерін бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру қағидалары мен мерзімдері бекітілсін.

2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актісінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілері құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Бағалы қағаздар нарығы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің Төрағасы **М. Абылкасымова**

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026.30.10. № 155 Қаулысымен қағидалары мен мерзімдері жаңа редакцияда (2026 ж. 16 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу

Источник: Информационная система "ПАРАГРАФ"

Документ: «Зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру және зейнетақы активтерін бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 26 мамырдағы № 28 Қаулысы (2026.16.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

және дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2023 жылғы 26 мамырдағы
№ 28 қаулыға 1-қосымша

Зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру және зейнетақы активтерін бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру қағидалары мен мерзімдері

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру және зейнетақы активтерін бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру қағидалары мен мерзімдері (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 15-бабының 9) тармақшасына сәйкес әзірленді және зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға (бұдан әрі - ИПБ) сенімгерлік басқаруға беру, зейнетақы активтерін инвестициялық портфельдің бір түрінен бір ИПБ шеңберінде инвестициялық портфельдің басқа түріне беру және зейнетақы активтерін бір ИПБ-дан басқа ИПБ-ға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

2. Қағидаларда Кодексте көрсетілген мағынада қолданылатын ұғымдар пайдаланылады.

2-тарау. Зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруынан ИПБ-нің сенімгерлік басқаруына беру тәртібі мен мерзімдері

3. Міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлға (бұдан әрі - салымшы), бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алушы (бұдан әрі - зейнетақы төлемдерін алушы) зейнетақы активтерін ИПБ-нің сенімгерлік басқаруына беру мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (бұдан әрі - БЖЗҚ) Кодекстің 40-бабы 1-тармағының 13) тармақшасында көзделген ИПБ-ні таңдау туралы, зейнетақы активтерінің таңдалған инвестициялық портфелінің (портфельдерінің) түрін көрсете отырып, БЖЗҚ-ның ішкі құжатында белгіленген нысан бойынша БЖЗҚ-ның интернет-ресурсы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған өтінішті ұсынады.

БЖЗҚ ИПБ-нің зейнетақы активтерінің инвестициялық портфельдерінің түрлерін бекіткені туралы хабарламасын алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде салымшыларды, зейнетақы төлемдерін алушыларды:

зейнетақы активтерінің инвестициялық портфельдерінің түрлері бекітілгені туралы тиісті ақпаратты қазақ және орыс тілдерінде екі баспа басылымында және өзінің интернет-ресурсында жариялау арқылы;

салымшының, зейнетақы төлемдерін алушылардың жасы ИПБ-нің зейнетақы активтері инвестициялық портфелінің түріне (инвестициялық портфельдерінің түрлеріне) сәйкес келмеген жағдайда - БЖЗҚ-ның цифрлық жүйелерінде қамтылған салымшының, зейнетақы төлемдерін алушылардың байланыс деректеріне салымшының зейнетақы жинақтарын сол ИПБ-нің салымшының, зейнетақы төлемдерін алушылардың жасына сәйкес келетін инвестициялық портфелінің басқа түріне (ол болған жағдайда) немесе инвестициялық портфелінің түрі (түрлері) салымшының, зейнетақы төлемдерін алушылардың жасына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне немесе басқа ИПБ-ге сенімгерлік басқаруға беру қажеттілігі туралы ақпаратты жолдау арқылы хабардар етеді.

БЖЗҚ тиісті ИПБ-нің зейнетақы активтерін инвестициялық портфельдің түріне (зейнетақы активтері инвестициялық портфельдерінің түрлеріне) қарай 36 (отыз алты) немесе 60 (алпыс) қатарынан айға созылатын сенімгерлік басқару кезеңінің аяқталуына дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын осы ИПБ-нің инвестициялық портфелінің түрі (зейнетақы активтері инвестициялық портфельдерінің түрлері) үшін белгіленген шекті жасқа толған салымшыға, зейнетақы төлемдерін алушыларға зейнетақы активтерін сол ИПБ-нің салымшының, зейнетақы төлемдерін алушылардың жасына сәйкес келетін зейнетақы активтерінің басқа инвестициялық портфеліне (ол болған жағдайда) немесе зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне немесе зейнетақы активтері инвестициялық портфелінің түрі (түрлері) салымшының, зейнетақы төлемдерін алушылардың жасына сәйкес келетін басқа ИПБ-нің сенімгерлік басқаруына беру қажеттілігі туралы хабарлайды. Хабарлама БЖЗҚ-ның цифрлық жүйелерінде қамтылған салымшының, зейнетақы төлемдерін алушылардың байланыс деректеріне жіберіледі.

4. 2026 жылғы 6 қыркүйектегі жағдай бойынша ИПБ сенімгерлік басқаруындағы және инвестициялық портфельді қалыптастыру өлшемшарттары бойынша бөлінген салымшының және зейнетақы төлемдерін алушылардың зейнетақы активтері 2026 жылғы 7 қыркүйектен бастап осы ИПБ-нің зейнетақы активтерінің инвестициялық портфельдерінің мынадай түрлері бойынша орналастырылған деп танылады (салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының жасының ИПБ инвестициялық портфелін қалыптастыру өлшемшартына сәйкестігіне қарамастан, салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының басқа ИПБ-ны таңдау туралы немесе зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруынан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына қайтаруға өтініші болмаған жағдайда):

1) консервативтік портфельде - Әлеуметтік кодекстің 207-бабының 1-тармағында көзделген зейнеткерлік жасқа (бұдан әрі - зейнеткерлік жас) толуына қарамастан салымшылардың, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алушыларды (бұдан әрі - зейнетақы төлемдерін алушыларды) зейнетақы активтері және 12 (он екі) айдың қорытындылары бойынша есептелетін кірістіліктің ең төменгі мәні болады;

2) қалыпты портфельде - зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін үш жылдан астам уақыт қалған және 36 (отыз алты) айдың қорытындылары бойынша есептелетін кірістіліктің ең төменгі мәні бар салымшылардың, зейнетақы төлемдерін алушылардың зейнетақы активтері;

3) тәуекелі бар портфельде - зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін он үш жылдан астам уақыт қалған және 60 (алпыс) айдың қорытындылары бойынша есептелетін кірістіліктің ең

төменгі мәні бар салымшылардың, зейнетақы төлемдерін алушылардың зейнетақы активтері.

5. БЖЗҚ ИПБ-ні таңдау туралы өтінішті алған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде мынадай жағдайларда зейнетақы активтерін ИПБ-нің сенімгерлік басқаруына беруден бас тартады:

1) ИПБ-ні таңдау туралы өтініш берілген күнге салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының жеке басын куәландыратын құжаттың жарамсыз болуы;

2) ИПБ-ні таңдау туралы өтінішті алған күннен кейінгі күннен бастап салымшы, зейнетақы төлемдерін алушы ИПБ таңдаған зейнетақы активтері инвестициялық портфелінің түрі (түрлері) үшін белгіленген шекті жасқа жеткенге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен аз уақыт қалуы;

3) салымшыда, зейнетақы төлемдерін алушыда БЖЗҚ-да орындауда тұрған, ИПБ-ні таңдау туралы өтініш берілген сол жеке зейнетақы шоты бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы тіркелген өтініштің болуы;

4) салымшының, зейнетақы төлемдерін алушылардың ИПБ-ні таңдау туралы өтініште зейнетақы активтері инвестициялық портфелінің түрі (түрлері) оның жасына сәйкес келмейтін ИПБ-ні көрсетуі;

5) өтініште көрсетілген зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелін қалыптастыруды тоқтату не зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару шартын ИПБ-нің бастамасы бойынша жоспарлы түрде бұзу туралы ИПБ хабарламасының болуы;

6) уәкілетті органның Кодекстің 37-бабы 8-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару шартын бұзу процесін бастауы.

6. Салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының ИПБ-ні таңдау туралы өтініші (өтініштері) негізінде зейнетақы активтерін Кодекстің 37-бабы 5-тармағының 4) тармақшасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, ИПБ-ні таңдау туралы өтініш берілген күнгі жағдай бойынша бірнеше ИПБ-ге бір ИПБ-нің зейнетақы активтері инвестициялық портфельдерінің бірнеше түрлеріне сенімгерлік басқаруға беруге жол беріледі.

7. БЖЗҚ ИПБ-ні таңдау туралы өтініш түскен күннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін ИПБ-нің сенімгерлік басқаруына ИПБ-ні таңдау туралы өтініште көрсетілген зейнетақы жинақтарының сомасына сәйкес келетін мөлшерде беруді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруынан ИПБ-нің сенімгерлік басқаруына беру кезінде зейнетақы жинақтарының мөлшері салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының өтінішінде көрсетілген сомамен салыстырғанда жеткіліксіз болған жағдайда, БЖЗҚ жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының нақты ағымдағы қалдығы шегінде қаражатты беруді жүзеге асырады.

8. БЖЗҚ-ның кастодиан банкі БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын аударуға төлем тапсырмасын алған кезде операциялық 1 (бір) күн ішінде ИПБ-нің сенімгерлік басқаруына берілген зейнетақы активтерін есепке алу және сақтауға БЖЗҚ, ИПБ және кастодиан банк арасында үшжақты шарт жасалған ИПБ-нің кастодиан банкіндегі (бұдан әрі - ИПБ-нің кастодиан банкі) БЖЗҚ-ның шотына салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының зейнетақы жинақтарын аударады.

Источник: Информационная система "ПАРАГРАФ"

Документ: «Зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру және зейнетақы активтерін бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 26 мамырдағы № 28 Қаулысы (2026.16.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

3-тарау. Зейнетақы активтерін бір ИПБ-ден басқа ИПБ-ге беру тәртібі мен мерзімдері

9. Салымшы, зейнетақы төлемдерін алушы зейнетақы активтерін бір ИПБ-ден басқа ИПБ-ге беру мақсатында БЖЗҚ-ға электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған БЖЗҚ интернет-ресурсы арқылы БЖЗҚ-ның ішкі құжатында белгіленген нысан бойынша инвестициялық портфельдің (портфельдердің) таңдалған түрін (түрлерін) көрсете отырып, Кодекстің 40-бабы 1-тармағының 9) тармақшасында көзделген, ИПБ-ні өзгерту туралы өтінішті ұсынады.

10. БЖЗҚ ИПБ-ні өзгерту туралы өтінішті алған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде мынадай жағдайларда зейнетақы активтерін ИПБ-нің сенімгерлік басқаруына беруден бас тартады:

1) ИПБ-ні өзгерту туралы өтініш берілген күнге салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының жеке басын куәландыратын құжаттың жарамсыз болуы;

2) зейнетақы активтерін бір ИПБ-нің сенімгерлік басқаруынан басқа ИПБ-нің сенімгерлік басқаруына беру үшін ИПБ-ні өзгерту туралы өтінішті жылына бір реттен жиі емес беру мерзімінің сақталмауы;

3) ИПБ-ні өзгерту туралы өтінішті алған күннен кейінгі күннен бастап салымшы, зейнетақы төлемдерін алушыдан таңдалған ИПБ-ні зейнетақы активтері инвестициялық портфелінің түрі (түрлері) үшін белгіленген шекті жасқа жеткенге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен аз уақыт қалуы;

4) салымшыда, зейнетақы төлемдерін алушыда БЖЗҚ-да орындауда тұрған, ИПБ-ні таңдау туралы өтініш берілген сол жеке зейнетақы шоты бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы тіркелген өтініштің болуы;

5) салымшы, зейнетақы төлемдерін алушы ИПБ-ні өзгерту туралы өтініште салымшының жасына сәйкес келмейтін ИПБ-нің инвестициялық портфелінің түрін көрсетуі;

6) өтініште көрсетілген ИПБ-нің зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару шартын жоспарлы түрде бұзу немесе инвестициялық портфельді ИПБ-нің бастамасы бойынша қалыптастыруды тоқтату туралы хабарламасының болуы;

7) уәкілетті орган Кодекстің 37-бабы 8-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару шартын бұзу процесін бастаған жағдайда.

11. БЖЗҚ зейнетақы активтерін бір ИПБ-ден басқа ИПБ-ге беруді ИПБ-ні өзгерту туралы өтініш келіп түскен күннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының зейнетақы жинақтары сенімгерлік басқаруында болатын ИПБ-ні зейнетақы активтерін беру күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей алдын ала хабардар ете отырып, ИПБ-ні өзгерту туралы өтініште көрсетілген зейнетақы тиісті сомасына сәйкес келетін сомада жүзеге асырады.

Бір ИПБ-нің сенімгерлік басқаруынан басқа ИПБ-нің сенімгерлік басқаруына беру уақытында зейнетақы жинақтары салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының өтінішінде көрсетілген сомамен салыстырғанда жеткіліксіз болған жағдайда, БЖЗҚ салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының жеке зейнетақы шотының құрамына кіретін тиісті қосалқы шотта ескерілетін олардың нақты ағымдағы қалдығы шегінде қаражатты беруді жүзеге асырады.

Источник: Информационная система "ПАРАГРАФ"

Документ: «Зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру және зейнетақы активтерін бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 26 мамырдағы № 28 Қаулысы (2026.16.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

12. ИПБ-нің кастодиан банкі БЖЗҚ-дан зейнетақы активтерін аударуға төлем тапсырмасын алған кезде операциялық 1 (бір) күн ішінде салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының зейнетақы жинақтарын басқа ИПБ-нің кастодиан банкіндегі БЖЗҚ шотына аударады.

4-тарау. Зейнетақы активтерін ИПБ-нің сенімгерлік басқаруынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруға беру тәртібі мен мерзімдері

13. Салымшы, зейнетақы төлемдерін алушы зейнетақы жинақтарын ИПБ-нің сенімгерлік басқаруынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруға қайтару мақсатында БЖЗҚ-ның интернет-ресурсы арқылы БЖЗҚ-ның ішкі құжаттарында белгіленген нысан бойынша Кодекстің 40-бабы 1-тармағының 10) тармақшасында көзделген, электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған зейнетақы жинақтарын қайтаруға өтінішті береді.

14. БЖЗҚ зейнетақы активтерін ИПБ-нің сенімгерлік басқаруынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына зейнетақы активтерін беру күніне дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын ИПБ-ні алдын ала хабардар ете отырып, осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, мынадай жағдайларда береді:

1) салымшы, зейнетақы төлемдерін алушы зейнетақы жасына жеткенге дейін 10 (он) жұмыс күні ішінде;

2) БЖЗҚ-ға БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамның қайтыс болуына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш (жерлеуге, мұрагерлерге) немесе заңды күшіне енген сот шешімі келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Кодекстің 220-бабы 1-тармағының 2), 3) тармақшаларында және 1-1-тармағында, 221-бабы 1-тармағының 2), 2-1) және 3) тармақшаларында, 223-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда;

3) зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару шарты бұзылған күнге дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын, зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару шартын ИПБ-нің бастамасы бойынша бұзу жағдайын қоспағанда;

4) зейнетақы жинақтарын ИПБ-нің сенімгерлік басқаруынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына қайтару туралы өтінішті алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде;

5) салымшы, зейнетақы төлемдерін алушы ИПБ-нің инвестициялық портфелі үшін белгіленген шекті жасқа жеткен жағдайда, инвестициялық портфельдің түріне қарай зейнетақы активтерін 36 (отыз алты) немесе 60 (алпыс) қатарынан ай бойы сенімгерлік басқару кезеңі аяқталғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде, егер ИПБ-де салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының жасына сәйкес келетін инвестициялық портфель болмаған және салымшы осы Қағидалардың 3-тармағында белгіленген тәртіппен салымшыға, зейнетақы төлемдерін алушыға хабарлама жіберілген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде басқа ИПБ-ні таңдау туралы немесе зейнетақы жинақтарын ИПБ-нің сенімгерлік басқаруынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына қайтару туралы өтініш бермеген жағдайда;

6) өтелген зейнетақы активтерінің сомасы бөлігінде - осы Қағидалардың осы тармағытың 1), 2), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда ИПБ зейнетақы активтерінің номиналды кірістілігі мен зейнетақы активтерінің кірістілігінің ең төменгі мәні арасындағы теріс айырманы өтегеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде.

Зейнетақы активтерін ИПБ-нің сенімгерлік басқаруынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қайтаруды БЖЗҚ салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының өтінішінсіз дербес жүзеге асырады, осы тармақтың 4) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген екі немесе одан да көп жағдай туындаған кезде, БЖЗҚ зейнетақы активтерін ИПБ-нің сенімгерлік басқаруынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына туындаған жағдайлардың басқа тиісті мерзімдерімен салыстырғанда ең ерте келетін немесе оған дейін жоспарланған зейнетақы активтерін беру мерзімі көзделген жағдай бойынша береді.

15. БЖЗҚ зейнетақы жинақтарын қайтаруға өтінішті алған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде мынадай жағдайларда ИПБ-нің сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруға қайтарудан бас тартады:

1) зейнетақы жинақтарын қайтаруға өтініш берілген күнге салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының жеке басын куәландыратын құжатының жарамсыз болуы;

2) Қағидалардың 14-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, зейнетақы жинақтарын қайтаруға өтініш беру мерзімінің - зейнетақы активтері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруынан ИПБ-нің сенімгерлік басқаруына алғаш берілгеннен кейін 1 (бір) жылдан ерте емес - сақталмауы.

16. БЖЗҚ зейнетақы активтерін зейнетақы жинақтарын қайтару туралы өтініш негізінде зейнетақы жинақтарын қайтару туралы өтініште көрсетілген зейнетақы жинақтарының сомасына сәйкес келетін мөлшерде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына қайтарады.

Зейнетақы жинақтарын ИПБ-нің сенімгерлік басқаруынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына қайтару кезінде зейнетақы жинақтарының мөлшері салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының өтінішінде көрсетілген сомамен салыстырғанда жеткіліксіз болған жағдайда, БЖЗҚ салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының жеке зейнетақы шотының құрамына кіретін тиісті қосалқы шотта есепке алынатын зейнетақы жинақтарының нақты ағымдағы қалдығы шегінде қаражатты қайтаруды жүзеге асырады.

ИПБ-нің зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару шартын өз бастамасы бойынша бұзу немесе зейнетақы активтерінің инвестициялық портфельдерінің бір немесе бірнеше түрін қалыптастыруды тоқтату туралы хабарламасының негізінде БЖЗҚ зейнетақы активтерін (зейнетақы активтерінің инвестициялық портфельдерінің бір немесе бірнеше түрін қалыптастыру тоқтатылған жағдайда - қалыптасуы тоқтатылатын инвестициялық портфель (портфельдер) бойынша) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына 5 (бес) жұмыс күні ішінде:

инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналды кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі мәні арасында теріс айырма болған жағдайда - инвестициялық портфельді басқарушы теріс айырманы өтеген күннен бастап;

зейнетақы активтерінің номиналды кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі мәні арасында теріс айырма болмаған жағдайда - теріс айырманы өтеудің соңғы мерзімінен бастап қайтарады.

Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару шарты ИПБ-нің бастамасы бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерін нақты қайтарған күннен бастап бұзылды деп есептеледі.

Инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналды кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі мәні арасындағы теріс айырма, сондай-ақ оны өтеудің соңғы мерзімі Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 43 қаулысымен бекітілген инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналды кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі мәні арасындағы теріс айырманы есептеу қағидаларына, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушының меншікті капиталы есебінен теріс айырманы өтеу қағидалары мен мерзімдеріне сәйкес айқындалады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32830 болып тіркелген).

17. ИПБ-нің кастодиан банкі БЖЗҚ-дан салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының зейнетақы жинақтарын қайтаруға төлем тапсырмасын алған кезде операциялық 1 (бір) күн ішінде БЖЗҚ-ның Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі шотына салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының зейнетақы жинақтарын аударады.

5-тарау. Бір ИПБ шеңберінде зейнетақы активтерін инвестициялық портфельдің бір түрінен инвестициялық портфельдің басқа түріне беру тәртібі мен мерзімдері

18. Салымшы, зейнетақы төлемдерін алушы зейнетақы активтерін бір ИПБ шеңберінде инвестициялық портфельдің бір түрінен инвестициялық портфельдің басқа түріне беру мақсатында БЖЗҚ-ға БЖЗҚ-ның ішкі құжатында белгіленген нысан бойынша БЖЗҚ-ның интернет-ресурсы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған ИПБ-нің инвестициялық портфелінің түрін өзгерту туралы өтініш береді.

19. Салымшы, зейнетақы төлемдерін алушы ИПБ-нің ағымдағы инвестициялық портфелі үшін белгіленген шекті жасқа жеткен және осы ИПБ-де салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының жасына сәйкес келетін инвестициялық портфельдің түрі болған жағдайда, бір ИПБ шеңберінде зейнетақы активтерін инвестициялық портфельдің бір түрінен инвестициялық портфельдің басқа түріне беруді БЖЗҚ салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының өтінішінсіз дербес жүзеге асырады.

20. БЖЗҚ ИПБ-ні зейнетақы активтерін беру күнінен кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын алдын ала хабардар ете отырып, бір ИПБ шеңберінде зейнетақы активтерін инвестициялық портфельдің бір түрінен инвестициялық портфельдің басқа түріне мынадай жағдайларда:

1) бір ИПБ шеңберінде инвестициялық портфельдің түрін өзгерту туралы өтінішті алған күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде;

2) салымшы, зейнетақы төлемдерін алушы ИПБ-нің инвестициялық портфелі үшін белгіленген шекті жасқа жеткен жағдайда және осы Қағидалардың 3-тармағында белгіленген тәртіппен салымшыға, зейнетақы төлемдерін алушыға хабарлама жіберілген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының басқа ИПБ-ні таңдау туралы немесе зейнетақы жинақтарын ИПБ-нің сенімгерлік басқаруынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына қайтару туралы өтініші болмаған кезде, зейнетақы активтерін 36 (отыз алты)

немесе 60 (алпыс) қатарынан ай бойы сенімгерлік басқару кезеңі аяқталғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде береді.

21. БЖЗҚ инвестициялық портфельдің түрін өзгерту туралы өтінішті алған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде мынадай жағдайларда:

1) ИПБ-нің инвестициялық портфелінің түрін өзгерту туралы өтініш берілген күнге салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының жеке басын куәландыратын құжаттың жарамсыз болуы;

2) бір ИПБ шеңберінде зейнетақы активтерін инвестициялық портфельдің бір түрінен инвестициялық портфельдің басқа түріне беру үшін инвестициялық портфельдің түрін өзгерту туралы өтінішті жылына бір реттен жиі беру мерзімінің сақталмауы;

3) ИПБ-нің инвестициялық портфелінің түрін өзгерту туралы өтінішті алған күннен кейінгі күннен бастап салымшы, зейнетақы төлемдерін алушы ИПБ-нің инвестициялық портфелі үшін белгіленген шекті жасқа жеткенге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен аз уақыт қалуы;

4) салымшыда, зейнетақы төлемдерін алушыда БЖЗҚ-да орындауда тұрған, ИПБ инвестициялық портфелінің түрін өзгерту туралы өтініш берілген сол жеке зейнетақы шоты бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы тіркелген өтініштің болуы;

5) салымшы, зейнетақы төлемдерін алушы инвестициялық портфельдің түрін өзгерту туралы өтініште салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының жасына сәйкес келмейтін ИПБ-нің инвестициялық портфелінің түрін көрсеткен жағдайда;

6) ИПБ-де салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының жасына сәйкес келетін инвестициялық портфельдің болмауы;

7) инвестициялық портфельдің түрін өзгерту туралы өтініште көрсетілген зейнетақы активтерінің инвестициялық портфельдерінің бір немесе бірнеше түрін қалыптастыруды тоқтату не зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару шартын ИПБ-нің бастамасы бойынша жоспарлы түрде бұзу туралы ИПБ хабарламасының болуы;

8) уәкілетті орган Кодекстің 37-бабы 8-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару шартын бұзу процесін бастаған жағдайда бір ИПБ шеңберінде зейнетақы активтерін инвестициялық портфельдің бір түрінен инвестициялық портфельдің басқа түріне беруден бас тартады.

22. БЖЗҚ бір ИПБ шеңберінде зейнетақы активтерін инвестициялық портфельдің бір түрінен инвестициялық портфельдің басқа түріне инвестициялық портфельдің түрін өзгерту туралы өтініш негізінде инвестициялық портфельдің түрін өзгерту туралы өтініште көрсетілген зейнетақы жинақтарының сомасына сәйкес келетін мөлшерде береді.

Бір ИПБ шеңберінде зейнетақы активтерін инвестициялық портфельдің бір түрінен инвестициялық портфельдің басқа түріне беру кезінде зейнетақы жинақтарының мөлшері салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының өтінішінде көрсетілген сомамен салыстырғанда жеткіліксіз болған жағдайда, БЖЗҚ салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының жеке зейнетақы шотының құрамына кіретін тиісті қосалқы шотта есепке алынатын олардың нақты ағымдағы қалдығы шегінде қаражатты беруді жүзеге асырады.

23. ИПБ-нің кастодиан банкі БЖЗҚ-дан салымшылардың, зейнетақы төлемдерін алушылардың инвестициялық портфелінің түрін өзгертуге байланысты ақшаны аударуға төлем тапсырмасын алған кезде операциялық 1 (бір) күн ішінде салымшылардың, зейнетақы төлемдерін алушылардың зейнетақы жинақтарын ИПБ кастодиан банкіндегі бір БЖЗҚ шотынан ИПБ кастодиан банкіндегі басқа БЖЗҚ шотына аударады.

Источник: Информационная система "ПАРАГРАФ"

Документ: «Зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру және зейнетақы активтерін бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 26 мамырдағы № 28 Қаулысы (2026.16.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2023 жылғы 26 мамырдағы
№ 28 қаулыға 2-қосымша

Күші жойылды деп танылатын Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілері құрылымдық элементтерінің тізбесі

1. «Зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру және зейнетақы активтерін бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 11 ақпандағы № 21 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22200 болып тіркелген).

2. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне жинақтаушы зейнетақы жүйесін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 27 сәуірдегі № 58 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22663 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 2-тармағы.

3. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығын реттеу және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2022 жылғы 12 қыркүйектегі № 66 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29609 болып тіркелген) бекітілген Өзгерістер мен толықтыру енгізілетін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын реттеу және зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 6-тармағы.

Источник: Информационная система "ПАРАГРАФ"

Документ: «Зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру және зейнетақы активтерін бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру қағидалары мен мерзімдері» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 26 мамырдағы № 28 Қаулысы (2026.16.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: Действующий с 01.07.2023 г.